

бірдей меңгеріп, әрқайсысында айтарлықтай жаңалық енгізе алды. Ақын ретінде адам жанының нәзік сырларын, қоғамның күрделі құбылыстарын терең сезіммен жырласа, драматург ретінде қазақ театрына жаңа көркемдік бағыт, эмоциялық қуаты мол туындылар әкелді. Ғалым ретіндегі еңбектерінде әдебиеттанудың теориялық негіздерін дамытып, ұлттық эстетиканың маңызды мәселелерін талдады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2012. 57-62 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. - Алматы, 2010. Т.9 - 98-104б
3. Ә.Тәжібаев, Шығармалары 3 томдық. - Алматы, 1981. Т.1: 95-101 б
4. Ғабдуллин Н. Қазақ драматургиясының тарихы. - Алматы, 2002. 15-22 б

КӨПҚЫРЛЫ ҒАЛЫМ:

Е.А.БӨКЕТОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Данияр Г.М

Ғылыми жетекшісі: доцент Есен.С.Ғ
Астана Халықаралық Университеті
gulimdaniar@gmail.com
Астана қ.

Бұл мақала алып тұлғалы академик Е.А.Бөкетов тұлғасының ғылыми, әдеби, аудармашылық және қоғамдық қырларын кең қамтиды. Өмірбаяны, ғылымдағы жаңалықтары мен химия-металлургия саласындағы үлесі, әдеби еңбектері және аудармашылық қызметі жайлы баяндалады. Мақала Бөкетовтың өмір жолын хронологиялық және тақырыптық түрде аша отырып, оның Қазақстан ғылымы мен мәдениетіндегі орнын көрсетуге бағытталған.

XX ғасыр кеңестік кезеңнің қайшылықтары мен прогрессивтік үдерістерінің арпалысында қалған уақыт еді. Талас-тартыстың арасында жүріп қазақ интеллигенттерінің жаңа легі алдыға суырылып шықты. Сәтбаев бастаған М.Әуезов, Ж.Шаяхметов, Ш.Шөкин, Ш.Есенов, Е.Бөкетов, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев сынды небір академик, доктор, профессор-ғалымдарымыздың есімдері тарих беттерінде алтын әріптермен кестеленіп, жұрт жадында мәңгіге қалды. Соның бірі әрі бірегейі, ғылыми майданның ардақты ардагері Бөкетов Евней Арыстанұлы еді.

Бөкетов Евней Арыстанұлы - 1925 жылы 23 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Шал ақын ауданына қарасты Бағанаты ауылында өмірге келген. Биыл академиктің жүз жылдық мерей тойы! Бір қарағанда есімі орысша дерсін. Шындығында азан шақырып қойған есімі Ибн-Ғабиден, ата-анасы Евней-Ғабиден деп атаған. Кейін құжаттарда Евней болып кеткен екен. Қалай десекте, бұл ұлы есімдердің тізіміне енді. Уақытында елді жайлаған аштық Евней атамның да отбасын айналып өтпеген. Зобалаң жылдары Қорған облысының Макушинск совхозына көшіп келіп, әкесі сол жерде қара жұмысшы болды. 9-сыныпты аяқтамай жұмысқа тұруға мәжбүр болды. Оған әкесінің ауруға шалдығуы, көп ұзамай өмірден озуы себеп болды да, баланы ерте есейтіп жіберді. Дегенмен ол ғылым-білімнен қол үзген емес. Ізденіс пен ғылымға деген құштарлық оны қызмет пен мансапта талай табысқа жетеледі.

Ғұлама ғалым 1945-1950 жылдары оқып, Алматыдағы Қазақ кен-металлургия институтын бітірген маман металлург, сол жоғары оқу орнында кафедра ассистенті, аға оқытушы, доцент қызметтерінде білгірлігімен, іс ұйымдастыру шеберлігімен танылған жас маман, 1958-1960 жылдары институт директорының оқу ісі жөніндегі орынбасар болып абыройлы қызмет атқарды. 1960 жылдан бастап он екі жыл бойы Қазақстан Ғылым академиясының Қарағанды қаласындағы Химия-металлургия институтының директоры болды. Бұл жаңа ұйымдасқан ғылыми зерттеу мекеменің кадрларын іріктеп алып, материалдық базасын нығайтып, Евней Арыстанұлы көрнекті қызмет атқарды. Өнеркәсіп орындары - ірі комбинаттар институтының ғылыми-зерттеу ұсыныстарын өндірісте пайдаланып, оларға жоғары баға беріп жүрді. Институттың директоры Е.Бөкетов СССР мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағымен марапатталды. 1972 жылдан бастап Е.Бөкетов сегіз жыл бойы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқарды. Бұл университет бұрынғы педагогикалық институттың негізінде құрылған болатын. Іске тәжірибесі мол Евней Арыстанұлы жаңа ұйымдасқан үлкен оқу орнының материалдық базасын жабдықтауға, университетті тиісті оқытушы

мамандармен қамтамасыз етуге зор үлес қосты. Кейін оның ұланғайыр еңбегі бағаланып, университетке Бөкетовтың есімі берілді. [1; 3-4 б].

Техника ғылымдарының докторы әрі профессор Оңдасын Әшімов өз естелігінде «... Ебіней Арыстанұлы болса бір өзі сол айтылған мамандықтардың бәрінің де білгірі болатын. Қай-қайсысына болса да ақыл бере алатын әмбебап ұстаз болатын... Бұл жөнінен де Құдайтағала бізге шынайы демократ, кемеңгерлігі кенен, білгірлігі мен кісілігі мол ақылды ұстаз сыйлап, ғылым жолына дендеп түсуімізге шынайы себеп болғанын мойындауға тиістіміз...» дейді. [3; 40 б] Ғалымды ғалым еткен оның ғылымға қосқан үлесі. Евней Арыстанұлы туралы сөзді оның ғылыми мұрасынан бастағанымыз жөн. Жай адам жетесіне жете бермейтін химияның жілігін шағып майын ішті. Менделеевтен асып түспесе кем болмаса керек.

Мәскеудегі болат және қорытпалар институтында 1966 жылы «Мыстың электролит қалдықтарынан селен мен теллурды бөліп алу» технологиясы бойынша докторлық диссертация қорғаған Евней Бөкетов Қазақстанда жаратылыстану ғылымдарының жаңа сатыға көтерілгендігін сеніммен дәлелдеді. Одан бөлек академиктің ірі жетістігі «Халькогендер мен халькогенидтердің химиясы мен технологиясы» еді. Бұған байланысты зерттеулер сонау алпысыншы жылдардың басында Бөкетовтың жетекшілігімен Химия-металлургия институтында басталып, Қарағанды мемлекеттік университетінде өрістей түскен болатын. Бөкетов есіміне байланысты бұл ғылыми мектеп Одақтық деңгейде өміршеңдігімен танылып, кезінде тиісті құжат ретінде рәсімделді. Түсінік ретінде айтарымыз, мыс қорытудағы электролит қалдықтарынан аса бағалы селен мен теллурды бөліп алу технологиясы Бөкетовтың ізденістері арқасында мүлде жаңа жүйеге құрылып, экономикалық жағынан зор ұтыс берді. [1; 32 б].

Аталмыш зерттеулер қарқынды дамып, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында түсті металлургияның түйіршіктелген металлдарын шахталық күйдіруден және автоклавты халькогендер мен халькогенидтер деп аталатын күкірт, селен, теллур, мышьяқтың қатысуымен гидрохимиялық үдерістер атты екі тақырыптан тұрды. Алғашқы бағыт бойынша, жезқазғандық концентраттардың күшейтілген күйдіруден өткізу үрдісі алғаш 1965 жылы өндіріске енгізілді. Бұл жұмыстар үшін Е.Бөкетов 1969 жылы Балқаш кен-металлургия комбинатында мыс концентраттарын конверторлау сатысында оттегіні қолдану арқылы кешенді қайту ұқсату технологиясын игеруге қатысушы ретінде КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Бұл технологияларға техника үшін өте құнды рений алу бойынша Е.Бөкетовтың басшылығымен жүргізілген зерттеулердің нәтижесі кірді. [3; 40 б].

Ал екінші бағыт шахта пештерін түсті металлургияға қолдану технологиясы болды. Ғылым мен тәжірибеде металлургия пештерінің ежелгі үлгісі болып табылатын шахта пештері көріктің қуатымен жаеған отынмен қызатын. Ғылым дамыған сайын бұл пештер қолданыстан қалып, олардың орнына агломерация машиналары, түпті, көптүпті пештер, айналмалы барабан пештер, тағы басқа озық технология келіп жатты. Бұлардың басым көпшілігі құнарлы рудадан металл айыруға арналған. Ал мына заманда табиғаттың байлығын неғұрлым ұқсатып, қалдыққа бағалы өнім жібермей сарқып алуға қаншама ақылы мен білімін жұмсаған Бөкетов шахталық пештерді жаңғыртып пайдаланудың жаңа технологиясын ұсынды және өзі жасап сынақтан өткізді. Бұл ұсыныс Ресейдегі Екатеринбург, Петербург, Әзірбайжандағы Кировабад, Украинадағы Запорожье, Жоғарғы Днепр қалаларындағы түсті металлургия кәсіпорындарында қолдау тапты. Осылайша, түсті металлургия саласында шахталық күйдіру тәсілдері кең тарап, бұл бағытта КСРО өнеркәсібі шетелдерден оқ бойы оза шапты. [1; 32 б]. Бастаманың кең қанат жаюы одақтас елдер арасында және Кеңес мүшелерінің алдында Қазақстанның мерейін асыра түсті. Отамақ болып өзегінен тепкен халықтан осынау өр тұлға шығып, ешкім жасай алмаған прогрессті көрсеткені қалай? Әрі сол халық өнеркәсібін алдыға жетелеп дамытуға өлшеусіз үлес қосты емес пе? Осы ашылу еліміздің өз қолы өз аузына жететіндігін тағы бір мәрте дәлелдеуге сеп болды.

Академик Е.Бөкетовтың аса мән беріп, білек сыбана ат салысқан екінші ғылыми бағыты - марганец ферроқұймасын алу технологиясы болатын. Осы сала да оның шәкірттерінің табанды еңбегінің арқасында шешімін тауып, оларға үлкен абырой әкелді. 2001 жылы Бөкетовтың шәкірттері - академиктер Ж.Әбішев, А.Жәрменов, профессорлар С.Байсанов, М.Толымбеков, Т.Хасенов өте сирек ферросиликоаллюминийді өндіріп алу технологиясын жасағаны үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары атанды. Академик Бөкетов бастап, дамуына үлес қосқан химия ғылымының тағы бір саласы - электрохимия. Шәкірті профессор Әбдуәлі Баешовпен бірге жасаған «Фосфор шламындағы фосфорды анықтау» әдісі әлем ғалымдарына «Букетов-Баешов» әдісі деген атпен белгілі. [3; 41 б].

Қарағанды Химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтында алғашқы ұйымдастырылған жылдан бастап, органикалық химия мәселелері де жақсы дамыды. Өзі директор болып тұрған кезінде академик Е.Бөкетов бұл мәселеге де айрықша көңіл бөліп, дұрыс дамуына ықпал жасады. Өмірінің

соңғы кезінде ол кісі көмір химиясымен де аса мұқият айналысты. Көмірден сұйық отын алу проблемасының отандық өнеркәсіпке аса қажеттілігін сезінген ол - бұл жағдайға көп көңіл бөлді. Көп күшін сарп етіп, шәкірттерін де көмірден сұйық отын алу ісіне жұмылдырды. Академик атамыздың осы ізденістерін аса көрнекті мәскеулік орыс ғалымдары, Еңбек Ері, академик В.Спицин, профессор А.Новоселова қызу қолдады және көп ақыл-кеңестерін қосты. [3; 41- 42 б] Химия саласында негізгі үш институттың негізін қалады да, шәкірттерін бас етіп қалдырды.

Ғалым атамыздың ғылыми мұрасы мұнымен таусылмайды. Ақтара берсең алтын шыға беретін сандық іспеттес. Жалпы бізде небір академик, небір профессорлар мен докторлар бар. Дей тұрғанмен, Е.Бөкетовтей әмбебап ғалым саусақпен санарлық. Рас, кезіндегі Санжар Асфендияров әскери медицина саласындағы адам болса да, Қазақстан тарихы кітабын жазып кетті. Қаныш Сәтбаев та геология ғылымына терең еніп кеткенімен, тұңғыш алгебра оқулығын жазып кетті. Тіптен Бөкейхановтың өзі қудаланып жатса да, саясатты, географияны өзге де салаларды қоса арқалалап жүрді. Тоқ етері бір-біріне жат ғылымдарды өн бойында түйістіріп тірі энциклопедия сияқты өмір сүрді. Оларға қарап «екі кеменің басын ұстаған суға кетеді» деген сөздің мәнін жоғалтасыз. Евней Арыстанұлы да осының жарқын мысалы. Шын мәнінде ұлы ғалымның шығармашылық диапазонының телегей кеңдігі, қойған мақсатына жетудегі қажырлығы мен табандылығы, адамгершілік қасиеттері, аудармашылығы мен әдебиетке деген шын сүйіспеншілігі Евней Бөкетовтың алпамсадай тұлғасынан керемет жарасым тапты.

Бөкетовтың әмбебаптығын оның әдеби шығармаларынан көреміз. «Человек, родившийся на верблюде» (1975), «Грани творчества» (1977), «Шесть писем другу» (1989), «Святое дело Чокана» (1994) сынды әдеби шығармалы бар. Филология ғылымдарының докторы әрі профессор Рәбиға Сыздықова әдебиетші-ғалымды әдебиеттің сарабал сарбазы деп биік бағалады. Бөкетов - ауыз толтырып айта алатындай азды-көпті өз қолтаңбасын қалдырған қаламгер. Мәселе қалың-қалың романдар мен повестер, әдеби сын-жинақтардың авторлығында емес. Дер кезінде әдебиеттің көкейтесті мәселелеріне зер салуында, әлеуметтік-қоғамдық пікірлерді қозғай алуында.

Ол әдебиет сыншысы да еді. Олай дейтініміз Е.А.Бөкетов шығармаларының халықтығы мен парасаттылығы, көркемдігі мен жаңашылдығы хақында ой-пікір қозғап отыруды міндет тұтқанын аңғартса керек. бұл әрекеттер оның эстетикалық сыни көзқарастарының қалыптасуына ықпал етеді. Оны алдымен туған әдебиетін терең оқып білуінен, орыс және әлем әдебиеттерінің классиктерінің көбірек тануынан деп білген жөн. [2; 178 б].

Оның қаламынан туған «Грани творчества» очеркі 1977 жылы өз алдына кітап болып, «Время светлой судьбы» - «Ғылыми қызметкердің жазбалары» деп аталатын повесі «Простор» журналының 1977 жылғы 8, 9 сандарында жарияланғаны мәлім. Сондай-ақ Қаныш Сәтбаев өмірінен жазылған кітаптың беташар бөлімін оқушылар назарына ұсынған еді. Осы жазылған шығармалардың қай-қайсында болсын жастарды адамгершілікке, идеялардың шыңына шығуге, нағыз мәдениеттілікке үндейді. [2; 180 б]. Бүкіл өмірлерін халқына адал қызмет етуге арнаған ғылым иелері туралы талай-талай жазылып келеді. Жоғарыда аталған шығармаларда Бөкетов Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезовке соқпай кете алмады. Өйткені, бұл ұлы адамдар - оның идеясы. Шынына келсек, тегінде өнерпаздық қанына сіңген халқымыздың дәстүрі мақтанарлық. Сондықтан да, Сәтбаев геологиялық ізденістерге қоса қазақ әдебиеті мен өнеріне де назар аударды. Қазақтың ән-күйлерін зерттеуші Затаевичке бірсыпыра әндердің жазылуына өзі тікелей қатысады, сондай-ақ тұңғыш музыкалық драмалық театрдағы спектакль жөнінде де рецензия жазған. Ал, Қазақстан археология мен этнография ғылымдарының негізін салуда ұшан-теңіз еңбегі бар академик Әлкей Марғұланның қазақ фольклористика ғылымына қосқан үлесін айтсақ ше? Ұлы Шоқанның да әдебиетке жанашырлықты сөз етуін ешкім теріске шығара алмайды. [2; 181 б].

Қарағанды екі жазушының, ойшылдардың және тұлғалардың - Ғабит Мүсірепов пен Евней Бөкетовтің кездесу орнына айналды. Бұл достық ерекше түрде басталды. Екі жазушының кездесуі Қ.А. Бөкетовтің «Менің досым, менің бауырым» кітабында көрініс тапқан. «1953 жылдың күзінде Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы жарық көргеннен кейін, Е. Бөкетов шығармаға өте қатал рецензия жазды», - деп еске алады Е. Бөкетовтің ағасы Қамзабай Арыстанұлы. Бұл әдеби ортада, соның ішінде автордың өзінде де таңқаларлық жағдай туғызды: «Жас жазушы, Тау-кен металлургия институтының аспиранты осынау құдіретті жазушының шығармашылығын қалай ғана қатаң бағалай алады?» Бұл кездесу олардың қарым-қатынасындағы барлық мәселелерін шешті; олар әңгімеге объективті және байсалды тұрғыдан да қанағаттанды. Евней Арыстанұлы былай деп жазды: «Ұлы жазушы жазғанына жұрт сенетіндей, оның туындысы тірі жандай тыныстап, оқырманның ойын тербетіп, сезімін оятатындай болуы керек. Жарық көрген кітап құр сөз бен сөйлемнің тізбегі емес, әрбір сөздің ар жағында терең ой, мән-мағына жасырынуға тиіс» [4]. Осыдан-ақ Е.Бөкетовтың әдебиетке шын

жанашыр екенін қорытуға болады. Құр сөз бен сөйлемдердің қоспасынан құралған қалың кітапқа қарағанда мән мағынасы бар, ғибратты еңбектерді жоғары бағалаған. Демек өзі де сол деңгейге лайық болатында шығармаларды дүниеге әкелді.

Бөкетовтың әдебиет саласында қалам тербеп, сыр шерткені бір төбе. Аудармашылық ісі болса бөлек әңгіменің арқауы болатын тағы бір төбе. Айта кететін жайт, аударма жасаған шығармалары кілең әлемдік немесе орыстың классик ақын-жазушыларының роман, хикаят, поэмалары. Бұл ретте ғалымның шығармашылық ауқымы мен нәзік талғамы кісі таңғаларлық. Болгар классигі И.Вазовтың «Бұғауда» романы, француз классигі Э.Золяның әңгімелері, В.Шекспирдің әйгілі «Макбет», «Юлий Цезарь» пьесалары, В.Маяковскийдің «Қандала» драмасы мен «Керемет!» поэмасы, С.Есениннің «Анна Снегина» поэмасы, «Качаловтың иті» және тағы басқа өлеңдерін аударған. Тек қана аттарын атап шыққан шығармалардан көрініп тұрғандай, ол өз халқының оқырмандарын қандай ғажайып көркемдік әлемнің кәусарынан сусындатуға ұмтылған. Бұл ұмытылыс ХІХ-ХХ ғасырдағы Абай мен шоқан, Шәкәрім мен Ахмет, Мағжан мен Міржақып, Мұхтар мен Жүсіпбек, Сәкен мен Илияс сынды ұлт зиялылары мен ағартушылары бастаған керемет дәстүрдің жалғасы іспетті. [3; 48 б].

Олардың аударма еңбектері Бөкетовтың аудармашылық шығармашылығының диапазонын кеңейтіп, жаңа бағытқа түсуіне сеп болды десек артық айтпаған болармыз. 1974 жылы КСРО жазушылар одағының мүшелігіне кірді.

Ұлы академик Бөкетов Евней Арыстанұлы - қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы, озат ой иесі, кеменгер ойшыл болды. Тарихта химик ғалым, жазушы, аудармашы, ұлағатты ұстаз ретінде есімі алтын әріппен қалды. Евней Арыстанұлы Бөкетов - қазақ ғылымы мен рухани өмірінде өшпес із қалдырған аса ірі қайраткер. Ол металлургия мен химия саласында жаңа технологиялық бағыттардың негізін қалап, өндірістік үдерістерді жаңғыртуға мүмкіндік берген тың жаңалықтарымен ел ғылымын жаңа белеске шығарды. Ғалым қалыптастырған ғылыми мектеп, тәрбиелеген шәкірттері, жүзеге асқан өнеркәсіптік жобалары - оның еңбегінің өміршеңдігін дәлелдейді. Сонымен бірге Бөкетовтың әдебиетке, аударма ісіне, көркем ой мен мәдениет мәселелеріне белсене араласуы оның таным көкжиегінің кеңдігін, гуманистік және эстетикалық талғамының кемелдігін танытады. Зерттелген деректер Е.А.Бөкетовтың тек ғалым ғана емес, ұлттық мәдениетке жанашыр, ойы терең, парасатты тұлға болғанын айқын көрсетеді. Сондықтан оның өмірі мен ғылыми мұрасы бүгінгі жас ұрпаққа еңбекқорлықтың, ізденістің, отансүйгіштіктің жарқын үлгісі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әшімов О.Б., Қадырәліұлы Ғ., Мұқанов Қ., Тайшыбай З., Академик Е.А.Бөкетов (естеліктер жинағы). - Петропавл, М.Козыбаев атындағы СҚМУ, 2005. - 183 б.
2. Бөкетов Қ.А., Хасен М., Біртуар: Академик Евней Бөкетов туралы естеліктер. - Алматы, «Білім» баспасы, 2012. - 300 б.
3. Бөкетов Қ.А., Қикымов Т.Ж., Ысқақова А.К., Академик Е.А.Бөкетовтың мерейтойы. - Астана «РУНА» баспасы, 2005 ж. - 296 б.
4. https://catalog.karlib.kz/irbis64r_01/Kraeved/Literaturnaya_zhizn/Musrepov_G/Odnadzhdy_i_na_vsyu_zhizn.pdf

Е.А. БӨКЕТОВ ЖӘНЕ ГУМАНИЗМ АСПЕКТІЛЕРІ

Әбдірахманова Ж.А

Ғылыми жетекшісі:аға оқытушы Орынбекова Р.Ж
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті
abdrahmanovazasmin6@gmail.com
Қарағанды қ.

Философия Ғылымның жаңа салаларының ашылуы және ғылыми ой-сананың дамуы әсерінен өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан классикалық негіздеріне жаңа көзқараспен қарауды қажет етеді. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап философия ұғымы семантикалық өзгеріске ұшырап, ол үнемі дамып отыратын жүйелі ғылым саласына айнала бастады. Сонымен қатар философияның зерттеу нысаны ретінде тек адамның болмысы, тілдік тұлғасы, ой-өрісі және сана-сезімі ғана емес, оның элеуметтік ортасы, рухани және мәдени қарым-қатынасы да қамтылады. Яғни, философиялық ғылыми талдаудың ауқымы кеңейіп, соның нәтижесінде таным теориясы, мәдениет, дін және т.б. бағыттар бойынша жаңа арнайы пәндер қалыптаса бастады.